

Жамбыл облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 тамыздағы № 485 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының мынадай мәдениет және білім беру ұйымдарына:

1) "Тараз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Ықылас Дүкенұлының есімі;

2) Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Жамбыл облыстық филармониясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Кенен Әзірбаевтың есімі;

3) "Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев